

Бекітілді
Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясының
Ғылыми кеңесінің шешімімен
«27» желтоқсан 2024 ж. № 5 хаттама

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясындағы Сапаны қамтамасыз ету саласындағы
саясат және стандарттар**

1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

1. Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясын (бұдан әрі – Академия) дамытудың ажырамас элементі және білім беру процесінің жоғары сапасына, сот жүйесі үшін жоғары білікті, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға бағдарланған оның білім беру қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады.

2. Саясат стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады, Академия миссиясына сәйкес әзірленеді және білім беру сапасын басқару жүйесі үшін жетекшілік ретінде қызмет етеді.

3. Саясат сапаны қамтамасыз етудің және сапа мәдениетін тікелей дамытудың негізгі ұстанымдарын, қағидаттары мен тетіктерін көрсетеді.

4. Саясатты жүзеге асыру ESG стандарттарына сәйкес іске асырылады және Академиядағы білім беру сапасын және тұтынушылардың қанағаттануын үнемі жетілдіруге бағытталады.

5. Саясат нормативтік-құқықтық базаның, ESG стандарттарының, Академияның даму тұжырымдамасының, Академиялық саясаттың және Академияның басқа да құжаттарының өзгерістеріне сәйкес қайта қаралуы және өзгертілуі мүмкін.

6. Академия басшылығы Саясаттың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

7. Саясатты жүзеге асыру мыналардың есебінен қамтамасыз етіледі:

- Академияның тиісті ұйымдық құрылымын құру, құрылымдық бөлімшелердің функционалдық міндеттерін және білім беру сапасына кепілдікті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындау;

- білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету процесіне білім алушыларды, жұмыс берушілерді, түлектерді және өзге де тұлғаларды тарту;

- білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі – ББ) жүйелі түрде мониторинг және бағалау жүргізу;

- білім беру сапасының деңгейін бағалаудың процестерін, объективті өлшемшарттары мен көрсеткіштерін және оны арттыру мен сәйкессіздіктерді жою үшін қажетті түзету шараларын енгізу тетіктерін әзірлеу;

- әрбір ББ-ға қатысты білім беру сапасының кепілдігі үшін қажетті ресурстарды құру;

- студент-бағдарланған білім беру, оқыту және бағалау;
- барлық қызметкерлерді сапаны қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке тарту;
- Академия қызметінің жұртшылық үшін ашықтығына кепілдік беретін ақпаратты жинау, талдау және пайдалану жүйесін құру;
- Академия қызметінің негізгі аспектілерін қамтитын білім беру сапасын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді дамыту;
- алқалы және ашық талқылау негізінде шешімдер қабылдау;
- ұйым менеджментінің қазіргі заманғы әдістері негізінде Академияны басқару жүйесін жетілдіру, басшылардың өкілеттіктерін оңтайлы бөлу, олардың тұрақты есептілігі, тапсырылған жұмыс учаскесі үшін жауапкершілікті арттыру;
- әріптестік қарым-қатынастарға негізделген білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның (бұдан әрі – ПОҚ) адамгершілік, жеке өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін академиялық ортаны қалыптастыру;
- Академияның корпоративтік мәдениетін дамыту және қолдау;
- білім алушылардың өзін-өзі басқару рөлін күшейту;
- білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, білім алушылар мен ПОҚ ұтқырлығын арттыру;
- Академия қызметкерлерін басқару және білім беру сапасын қамтамасыз ету саласында тұрақты кәсіби оқыту жүйесін құру;
- академиялық адалдық, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген нысандарына төзбеушілік саясатын нақты ұстану, білім алушыларға қатысты мүмкіндіктер теңдігі мен әділдікті қамтамасыз ету.

8. Академия Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты іске асыруда мынадай қағидаттарды ұстанады:

- білім алушыларды, ПОҚ-ты және қызметкерлерді тарту;
- процестік және жүйелілік ұстанымы;
- ұдайы жетілдіру.

9. Академия білім беру сапасын, көрсетілетін білім беру қызметтерін ішкі қамтамасыз етуге және оларды ұдайы жетілдіруге толық жауапты болады.

10. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін іске асыру мақсатында Академияда Оқу-әдістемелік кеңес (Сапа жөніндегі кеңес) құрылады және жұмыс істейді.

2. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы стандарттар

2.1. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту

11. Білім беру бағдарламасы білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені ретінде оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды қамтиды.

12. Академиядағы ББ-ны Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығы (бұдан әрі – АБЖО) ғылыми-білім беру орталықтарымен (бұдан әрі – ҒБО) бірлесіп әзірлейді. ББ білім алушылардың өкілі (Ғылыми кеңес мүшесі) міндетті түрде қатысқан кезде Ғылыми кеңесте қаралады және бекітіледі.

13. ББ бойынша, оқу пәні бойынша, кәсіптік практика бойынша оқытудың әрбір нәтижесі тиісті бағалау құралдарымен тексерілуге және бағалау өлшемшарттарына ие болуға тиіс.

14. Әрбір ББ-ның Академияның даму тұжырымдамасына сәйкес келетін мақсаты бар.

15. Бейіндік магистратура ББ-ның мазмұны екі цикл пәндерінен тұрады: базалық пәндер (БзП) және бейіндеуші пәндер (БнП). Сот ісін жүргізудің барлық нысандары бойынша білім алу қажеттігі тек жоғары оқу орны компонентінің пәндерінің болуымен қамтамасыз етіледі.

16. ББ-ның мазмұны Жоғарғы Сот бекіткен үлгілік оқу жоспарының талаптарымен айқындалады.

17. ББ-ның құрамдас бөлігі: ББ-ның өзі, толық оқу кезеңіне арналған оқу жоспары болып табылады.

18. Оқу пәндерінің мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру нысандары Жоғарғы Сот бекіткен жалпыға міндетті пәндер циклі пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларымен және пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларымен (силлабустармен) айқындалады.

19. ББ-ның сапасы Академияның келесі белгіленген рәсімдерімен қамтамасыз етіледі:

- оқыту нәтижелерін, практикада қолданылатын білім мен дағдыларды айқындайтын Дублин дескрипторларына сәйкес ББ-ны құру кезінде бірыңғай тәсілді ұстану;

- білім алушылар мен оқытушылардың оқу жүктемесін кредиттік оқыту технологиясына сәйкес анықтау және есепке алу;

- оқу нәтижелеріне жауап беретін ББ шеңберінде теориялық және практикалық дайындықтың оңтайлы арақатынасын қолдау;

- қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін ББ сапасына рецензиялау және бағалау жүргізу.

2.2. Студент-бағдарланған білім беру, оқыту және бағалау

20. Академия білім алушылардың оқуға деген ниетін ынталандыруда және білім беру процесіне белсенді қатысуда маңызды рөл атқаратын студент-бағдарланған білім беру мен оқытуды қамтамасыз етеді.

21. Академияда студент-бағдарланған білім беру мен оқытуды жүзеге асыру мыналарға негізделеді:

- білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрметпен қарау және назар аудару;

- білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара сыйластықты нығайту;

- оқу сабақтары мен оқу жұмыстарын өткізудің әртүрлі нысандарын қарастыру және пайдалану;

- оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін икемді пайдалану.;

- біліммен бөлісу тәсілдері мен педагогикалық әдістерді тұрақты бағалау және бейімдеу;

- ПОҚ тарапынан тиісті басшылық пен қолдау көрсету кезінде білім алушыда автономия сезімін көтермелеу;

- білім алушылардың шағымдарын қарау үшін қажетті рәсімдердің болуы;

- Академияның саясатын, академиялық реттеуді түсіндіретін құжаттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- білім алу және әлеуметтік мәселелерде бүкіл оқу барысында білім алушыларға эдвайзерлер тарапынан көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

22. Академия оқыту нәтижелерін бағалаудың объективтілігі мен ашықтығын енгізуді қамтамасыз етеді.

23. Академия оқыту нәтижелерін бағалау қорытындылары бойынша білім алушылардың өтініштерін қарайтын апелляциялық комиссияларды қалыптастырады.

24. Академия студент-бағдарлануды дамыту үшін келесі жағдайлар жасайды:

- білім алушылар үшін түсінікті мақсаттар мен күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру;
- жеке тұлғаға бағытталған ұстанымды дамыту;
- басқару органдарының құрамына олардың өкілдерін қосу арқылы білім алушыларды ББ-ны әзірлеу және іске асыру процесіне тарту;
- өзіндік жұмыстың рөлін күшейту;
- оқытуда жобалық және зерттеушілік ұстанымдарын қолдану;
- студенттік өзін-өзі басқарудың рөлін күшейту.

25. Академия білім алушылардың үлгеріміне және білім сапасына жүйелі талдау және мониторинг жүргізеді, оның нәтижелері оқу процесін, білім беру технологияларын, оқыту әдістерін, ББ-ның мазмұны мен бағалау құралдарын жетілдіру үшін пайдаланылады.

26. Оқу процесін, сондай-ақ бағалау рәсімдерін (білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) ұйымдастыру және өткізу білім алушылардың танысуы үшін еркін қолжетімді Академия қызметінің қағидаларымен, Академиялық саясатпен, магистранттарды Қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібімен реттеледі.

27. Академия білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында білім алушылар арасында сауалнама жүргізеді.

28. Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттанбаған білім алушы Академия әкімшілігіне өтінішпен жүгінуге құқылы. Білім алушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау рәсімі мынадай сұлба бойынша іске асырылады: АБЖО үйлестірушісі → АБЖО директоры → вице-ректор → ректор.

29. Білім алушылардың ректорға жолданған шағымдары қабылдау күндері жеке жүгіну немесе ректордың блогына жүгіну арқылы түсуі мүмкін.

2.3. Білім алушыларды қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

30. Білім алушыларды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Академияға қабылдау қағидаларына және қабылдау комиссиясы туралы, емтихан комиссиясы туралы және мамандық бойынша түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыру туралы, апелляциялық комиссия туралы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

31. Академия оқуға түсушілерді республикалық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, қабылдау туралы ақпаратты Академия сайтында және әлеуметтік желілерде орналастыру жолымен хабардар етеді.

32. Академия жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға неғұрлым лайықты үміткерлерді іріктеуді қамтамасыз ету үшін жыл сайын қабылдау комиссиясының жұмыс жоспарын әзірлейді.

33. Академияда білім алушылар контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде, сондай-ақ оқу ақысын білім алушының өз қаражаты және (немесе) өзге де көздер есебінен төлеу арқылы жүзеге асырылады.

34. Академия білім алушысының академиялық демалысқа, оқуға қайта қабылдануға және оқудан шығуға құқығы бар, оларды өткізу рәсімі Академиядағы оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі.

35. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-ны игергенін растаған білім алушыларға аттестаттау комиссиясының шешімімен «магистр» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар диплом табысталады.

36. Білім алушылар қозғалысының бүкіл тарихы, олардың үлгерімі мен жетістіктері тіркеледі және Академия мұрағатында сақталады.

2.4. Оқытушылар құрамы

37. Жоғары сапалы оқытуда және білім алушылардың білімді, құзыреттіліктер мен дағдыларды меңгеруінде оқытушының рөлі басты болып табылады.

Академияның кадрлық саясатының негізі ПОҚ-ты іріктеу, даярлау және біліктілігін арттыру, персоналды басқару бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын анықтауды қамтитын адами ресурстарды дамыту, меритократия қағидаттарын сақтау болып табылады.

38. Академияның кадрлық саясаты Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының, оның ішінде еңбек заңнамасының нормаларын, Академияның кадр мәселелері бөлігіндегі ішкі ережелерін мүлтіксіз сақтау қағидаттарына негізделеді.

39. Академияның кадрлық саясатының қағидаттары:

- персоналды басқару қызметінің Академияның миссиясы мен мақсаттарына сәйкестігі;
- Академия ПОҚ-ының еңбек және кәсіби әлеуетін дамыту және іске асыру мүмкіндіктерінің теңдігі;
- ҚР конституциялық, еңбек және әлеуметтік заңнамасының нормаларын сақтау;
- адами ресурстарды дамытуға, Академия ПОҚ-ының кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталуы;
- кадрларды бағалаудағы талаптардың жоғары деңгейі мен объективтілігі;
- Академия кадрларының сабақтастығы және жаңаруы.

40. Академия ПОҚ-ты білім беру процесіне тартуды Академия қызметкерімен еңбек шарты жағдайында да, сағаттық ақы төлеу жағдайында білім беру қызметтерін көрсету шарты бойынша да жүзеге асырады.

41. ПОҚ-ты еңбек шарты бойынша жұмысқа қабылдау Педагогтер, ғылыми жұмыскерлер лауазымдарына орналасу қағидаларына және педагог лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Академия ҒБО-ны педагогикалық кадрлармен жасақтауды ББ-ның пәндеріне және оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес жүзеге асырады. Академия сондай-ақ білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне кадрларды

даярлау бейіні бойынша практикалық жұмыс өтілі бар тәжірибелі судьяларды тартады.

43. Академия ПОҚ-тың біліктілігін арттыруды жоспарлайды және ұйымдастырады.

44. Академия оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметінің әлеуметтік маңыздылығы туралы ПОҚ-тың ішкі сенімін қалыптастырады, өзін-өзі таныту, кәсіби мүмкіндіктерді толық ашу үшін жағдай жасайды, ерекше көзге түскендерді марапаттуға, көтермелеуге ұсынады, кәсіби өсу үшін материалдық ынталандырулар жасайды.

45. Академия ПОҚтың кәсібилігін, құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді және олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасайды:

- ПОҚ-ты жалдаудың түсінікті, ашық және әділ процесін белгілейді, оқытушылық қызметтің маңыздылығын мойындайтын жұмыспен қамту жағдайларын қамтамасыз етеді;

- кадрлық басқарудың бірыңғай ұстанымдарын, әдістері мен құралдарын қамтамасыз етеді;

- ПОҚ-тың әлеуетін оның студент-бағдарланған оқытудағы рөліне сәйкес дамытады;

- оқу мен ғылыми зерттеулер арасындағы байланысты нығайту жөніндегі ғылыми қызметті көтермелейді;

- ғылыми алаңдарда позицияларды ұсынуға, оның ішінде ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысуға, ғылыми журналдардағы жарияланымдарға жәрдемдеседі;

- оқыту әдістеріне инновацияларды енгізуге және оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалануға ықпал етеді;

- жоғары педагогикалық шеберлігі, ғылыми нәтижелері мен ісіне берілгендігі, сапа мәдениетін дамытқаны үшін ПОҚ-ты ынталандыру тетіктерін енгізеді.

46. Академия ПОҚ-тың оқу, ғылыми қызметінің тиімділік және сапа көрсеткіштерін талдауды және мониторингтеуді жүзеге асырады.

47. ПОҚ еңбек шартының талаптарын, Академиялық саясатты, Ішкі тәртіп ережелерін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, өзге де ішкі нормативтік құжаттаманы және Академия басшылығының актілерін сақтауға міндетті

48. Академия ПОҚ-ты жалақының лайықты деңгейімен қамтамасыз етеді, оқытушылардың білім берудегі, баспа және ғылыми қызметтегі жетістіктерін ынталандыру үшін жағдай жасайды, бұл қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттамамен бекітілген.

2.5. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі

49. Сапалы және тиімді білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында Академия білім алушыларды мынадай оқу ресурстарымен қамтамасыз етеді:

- оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер, оның ішінде электронды форматта;
- республикалық және басқа да ғылыми кітапханалардың ресурстары;
- оқу аудиториялары, арнайы кабинеттер, спорт залы;
- зертханалық жабдықтар, соның ішінде виртуалды зертханалар;
- компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету;
- оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар), цифрлық білім беру

ресурстары.

50. Білім алушыларды оқу және өзге де ресурстармен қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Академияның ресурстық қамтамасыз етілуі мәлімделген миссияға, мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, білім алушылар мен ПОҚ үшін қолжетімді;

- Академияның қаржылық саясаты Академияның даму тұжырымдамасына сәйкес келеді және оның қызметін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етеді;

- Академияның білім алушыларды қолдауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі (АБЖО) бар.

51. Академия қаржылық жеткіліктілікке, адал есептелген және тексерілген қаржылық саясатқа кепілдік береді, білім алушылардан оқу ақысы ретінде алынған қаражаттың үнемді, ашық жұмсалуын жүргізеді.

52. Академия адами ресурстардың: тәлімгерлердің (эдвайзерлер), ПОҚ-тың, Академия басшыларының қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

53. Академия мәдени сан алуандықты және әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін тиісінше есепке алуды мойындайды, барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер береді және білім алушыларға қатысты нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық белгілері, әлеуметтік мәртебесі, отбасылық жағдайы, тәни мүмкіндіктері және басқа да белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді.

54. Академия кредиттік оқыту технологиясын іске асыра отырып, білім алушылардың кәсіби және тұлғалық дамуына жағдай жасайды.

55. Академия білім алушылары академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамалар ұйымдастыруға құқылы.

56. Академия білім алушыларының академиялық ұтқырлығы жоғары оқу орындары арасындағы меморандумдар/шарттар аясында жүзеге асырылады.

2.6. Ақпаратты басқару

57. Академияны, ББ-ны тиімді басқару мақсатында Академия білім беру қызметіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және пайдалану рәсімдерін айқындайды.

58. Академия ақпараттың өлшенуін, дұрыстығын, дәлдігін, уақтылығын және толықтығын қамтамасыз етеді.

59. Білім берудің сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесін қолдау және дамыту мақсатында Академия:

- өз қызметінің нәтижелеріне қойылатын талаптарды айқындайды;

- білім алушылардың, жұмыс берушілерінің, ПОҚ-тың, түлектердің Академияның білім беру қызметтеріне қанағаттануын бағалайды;

- Академияның қызметін жақсарту бойынша тиімді шаралар қабылдау мақсатында нәтижелері Ғылыми кеңесте талқыланатын қызметтің барлық бағыттарына талдау және мониторинг жүргізеді.

60. Академия келесі ақпаратты жинауға, өңдеуге және пайдалануға ерекше назар аударады:

- қызметтің негізгі көрсеткіштері;

- білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

- білім алушылардың үлгерімі, жетістіктері;

- білім алушылар контингентінің қалыптасуы мен қозғалысы;
- білім алушылардың білім сапасына және таңдаған ББ-ға қанағаттанушылығы;
- білім беру ресурстары мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің қолжетімділігі;
- түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі.

2.7. Жұртшылықпен ақпарат бөлісу

61. Академия қызметі туралы жұртшылықпен ақпарат бөлісу мақсатында Академия сайты жұмыс істейді, Академияның әлеуметтік желілердегі парақшалары құрылады.

62. Академияның ресми сайты үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жұмыс істейді.

63. Академияның ресми сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпарат сенімді, объективті және қолжетімді болып табылады.

64. Ресми сайтта Академия қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпарат, сондай-ақ білім алушылар мен ПОҚ-тың танысуы үшін міндетті ішкі нормативтік құжаттама орналастырылады.

2.8. Бағдарламаларды тұрақты мониторингтеу және мерзімдік бағалау

65. Академияда миссияны, оқытудың талап етілетін түпкілікті нәтижелерін, ББ-ның мазмұнын, білім мен дағдыларды, білім беру ресурстарын бағалауды ескере отырып, ББ-ны мониторингтеу мен бағалау тетігі әзірленген.

66. Білім беру бағдарламаларын мониторингтеу мен бағалауды уәкілетті орган, Академия және білім алушылар жүзеге асырады.

67. ББ-ны мониторингтеу мен бағалау нәтижелері негізінде жаңа оқу жылына арналған оқу жоспарлары түзетіліп, Академия сайтында орналастырылады.

68. Уәкілетті орган оқу процесіне бағдарламаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде оларды бағалау және сапасын арттыру мақсатында тартылады:

- Академиядағы ғылыми-білім беру процесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

- оқу пәндері бойынша білім беруге қатысады, магистрлік жобаларға жетекшілікті жүзеге асырады, аттестаттау комиссияларының құрамына кіреді. Бұл ретте аталған қызмет түрлеріне жұмыс істеп жүрген судьялар да, отставкадағы судьялар да тартылады;

- сот практикасының қажеттіліктерін ескере отырып, магистрлік жобалардың тақырыбын ұсынады.

69. ББ-ны мониторингтеу мен бағалауды білім алушылар сауалнама шеңберінде жүзеге асырады.

70. ББ-ның іске асырылуын мониторингтеуді АБЖО аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде жүзеге асырады.

71. Академия ББ-сын мониторингтеу және бағалау мыналарды қамтиды:

- пән мазмұнының өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында соңғы ғылыми зерттеулер аясында ББ-ның мазмұнын бағалауды;

- сот жүйесінің мезгіл-мезгіл өзгеріп отыратын қажеттіліктерін;
- білім алушылардың оқу жүктемесін, үлгерімін және бітіруін;
- білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігін;
- білім алушылардың ББ бойынша оқуға деген үміттерін, қажеттіліктерін және қанағаттанушылығын.

2.9. Мерзімдік сапаны сырттай қамтамасыз ету

72. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі процестерінің тиімділігін тексеру үшін сапаны қамтамасыз етудің сырттай рәсімдері жаңа мүмкіндіктерді дамыту мен іске асырудың өзіндік катализаторы болып табылады.

73. Сапаны сырттай қамтамасыз ету Академияның ұлттық немесе шетелдік аккредиттеу агенттіктерінде институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен жүйелі түрде өтуін қамтиды.